

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Қазақстан
Республикасының ЕЛБАСЫ Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Мырзаға

Қызылорда облысы, Жанақорған кенті, Амангельды Иманов көшесі, №97
үйдің тұрғыны, педагог, 1971 жылы туылған, Жанадилова Сауле
Балтабайқызынан.

Алғыс Хат

Құрметті, Қазақстан Республикасының ЕЛБАСЫ!

Осы хатым арқылы Сізге үлкен ырзалығымды төмендегі жағдайға байланысты білдіргім келеді. Сіз отыз жыл шамасында сот жүйесінің дамуына барлық жігеріңізді салғаныңыз, әділ судьяларды дайындағаныңыз менін басымнан өткен жағдайдан анық көрінді. Мен, Жанақорған кентінде, № 169 орыс мектебінде педагог болып істегеніме 25 жыл болды. Оның соңғы 10 жылы бойы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқарып келемін. Соңғы бір жыл ішінде Жанақорған кентінің Құрметті Азаматы, жасы 70-ке келген Ахметов Абдрахман (аудан басшыларының бәрі одан аяқ тартады) менін сыртымнан жоғарғы орындарға негізсіз арыздар жазды, бір сотқа менін үстімнен жеке айыптау шағымын беріп, 10.000.000. (он) миллион тенге менен талап етіп жазды. Екінші рет ол менен 500.000 (бес жүз) мың тенге талап етіп жазды. Бірақ Жанақорған аудандық сотының судьясы Исағали Тунғышбаев осындай арыз жаза беретін кісіден, яғни, Ахметов Абдрахманнан қорықпай, әділ заңды қолданып, онын талап арыздарын қанағаттандырусыз қалдырды. Осы жағдайға байланысты Ахметов Абдрахманның облыстық апелляциялық шағымын қарауда әділдік көрсеткен Қызылорда облыстық соттың Судьясы Светлана Жуынтаеваға алғысым шексіз. Себебі, Светлана Жуынтаева, А.Ахметовтен қорықпай Ата-Заңды әділ қолданып, А.Ахметовтың облыстық сотқа жазған апелляциялық шағымын қанағаттандырусыз қалдырды.

Құрметті, ЕЛБАСЫ! Кенес Одағында судьялар жұмысын жан-жағына жалтақтап істейтін еді деп есітіп едім. Ал енді, Сіздің арқанызда, Судьялар тек қана Занның төнірегінде ешкімге жалтақтамай шешім қабылдайтын болды. Бұл жағдайға өзім куәмін. Көптен-көп рахмет, Сізге!

Алғысым шексіз!

Ізгі ниетпен Сізге, педагог-ұстаз,

Сауле Жанадилова

8 мамыр 20109 жыл.

